

**«Гүлдер» жекеменшік балабақшасының кезектен тыс өткізілген  
педкеңес ХАТТАМАСЫ №3**

Қатысқаны 21 педагог

30.01.2026ж.

**Күн тәртібінде:**

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша балабақша басшысы М.Е.Овезова сөз айтып өтті. Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету Департаментінің 2025 жылғы 10 қарашадағы №619-нқ және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы негізінде балабақша өзін-өзі бағалауды өткізгені туралы есеп берілді.

1. Овезова М.Е -балабақша басшысы, комиссия төрағасы;
2. Джуматова Бибігүл - балабақша әдіскері, комиссия мүшесі;
3. Изтурганова Р.С - балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі;
4. Бультекова М – балабақша медбикесі, комиссия мүшесі;
5. Жаркова Ж.Р – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына қосымша әдістемелік ұстанымының 1,2,3,4,5-қосымшалары негізінде 2023-20224, 2024-2025 және 2025-2026 оқу жылдарын қамти отырып жұмыстар жүргізілгені айтылды.

Өзін-өзі бағалау қорытындысының есебімен комиссия мүшесі Джуматова Бибігүл таныстырып өтті.

Атап айтқанда, комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес, білім беру ұйымының жұмыстарына мониторинг жүргізді. Сонымен қатар, балабақша туралы мәліметтер, құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттар, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы, лицензия хабарлама қаралды. Бағалау өлшемшарттарының қосымшаларына сәйкес сандық, сапалық көрсеткіштердің есебі толтырылғандығы айтылды.

**Қаулы:**

1. Өзін-өзі бағалау өлшемшарттарының 4-қосымшасына сәйкес балл «жақсы» деп танылсын.
2. Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша тиісті құжаттар Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне мерзімінде жеткізілсін.

Директор



М.Е.Овезова